Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

13 қыркүйек сейсенбі
№73 (1877)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Биыл қала күні мерекесі 9 қыркүйек пен 15 қазан аралығында бір ай аталып өтпек. Қала күні қарсаңында фестивальдер, концерттер, шоу және көрмелерден басқа түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылады. Мереке күні «Қызылорда – жастар қаласы» тақырыбымен бастау алды.

СЫРДАН ЖЕТКЕН СЫЙ

Күз – қашаннан тоқшылық пен молшылықтың мезгілі. Егін даласында ерте көктемнен ала жаздай білек түре еңбек еткен егіншілер осы қоңыр күзде төккен тердің жемісін көреді. Бүгінде «Елде болса, ерінге тиеді» дегендей, өңір диқандары жаз бойғы еңбектерінің нәтижесін елордалықтарға да паш етуді дәстүрге айналдырған. Биыл да бұл игі дәстүр жалғасын тапты.

Кешегі сенбі-жексенбіде елордалықтар көптен күткен жақынын қарсы алғандай арқа-жарқа болып қалды. Елдің дәмі... Осы бір ауыз сөз жүректі елжіретіп, елді сағынған қалалықтардың мауқын басқандай. Әйтпесе қай жерде де тағамның түр-түрі көп қой. Алайда ауылды сағынып, туған топырақты аңсайтын қалалық ағайынға елдің дәмінің орны бөлек.

Содан да болар, кешелі бері әлеуметтік желі жәрмеңкеге асыққан елордалықтардың ықыласына толды. Сырбойылықтар да бар тәттісін баласына сақтаған анадай, елдің дәмін үйіп-төгіп апарды. «Астана Арена» спорт кешенінің жанында ұйымдастырылған шараға 500 тоннадан астам өнім түрлері ұсынылды.

Жәрмеңкенің бір ерекшелігі облыс тарапынан қайырымдылық қоры аясында елордалық жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік себеттері таратылды. Сыр диқандары мен кәсіпкерлері Нұр-Сұлтан қаласына 50 жүк автокөлігімен жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын өнім жеткізді. Арқа жұрты Сырдың брендіне айналған ақ күріш, балығы мен ас тұзы, қауыны мен қарбызына қызығушылық танытты.

Екі күнге созылған жәрмеңкеден елден жеткен өнімдерді таласа-тармаса алған елордалықтар Сыр өнерпаздарының концертін де тамашалап, риза болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА КҮНІНДЕ ТАМАШАЛАР ҚЫЗЫҚ КӨП...

Қалалық А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Жастар театры» 8-ші маусымын белгілі драматург Жолтай Әлмаштың «Отырардың жасыны» тарихи драмасымен ашты. Мерекелік кешке қала әкімі Асылбек Шәменов қатысты. Әбу Насыр Әл-Фарабидің жастық шағы суреттелетін тарихи драманы, «Жастар театрының» әртістері жоғары деңгейде орындап шықты.

Сонымен қатар «Қала күні» қарсаңында Қызылордада алғаш рет жастардың сұранысы негізінде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті қалам» республикалық мобилографтардың фестивалі өтті. Шарада елімізге танымал мобилограф, режиссер Қыран Талапбек және «Kyran Films» ұжымы жиналған жастарға мобилография саласындағы тәжірибесімен бөлісті.

Айта кету керек, фестиваль аясында өткен байқауға қатысуға 70-тен аса қатысушыдан 100-ден аса өтінім түскен. Олардың басым бөлігі Қызылорда қаласынан, Арал, Қармақшы, Жаңақорған, Жалағаш аудандары мен Алматы қаласынан келген жастар. Қатысушылар қала күніне орай «Менің сүйікті қалам» тақырыбында қала туралы креативті бейнероликтер түсірген. Сондай-ақ мерекелік шара «Жастар карнавалымен» жалғасты. Жастар Қорқыт ата кешенінен Орталық алаңға дейінгі жолды жаяу жүріп, қала көшелерін думанға бөледі.

«Қала күні» мерекесінің салтанатты ашылуына арналған гала-концерт орталық алаңда өтті. Шаһар басшысы ұйымдастырылған республикалық мобилографтар байқауы, «Жастар карнавалының» жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттап, қызылордалықтар мен қала қонақтарын мерекемен құттықтады.

Мерекелік кеш жергілікті өнерпаздардың концерті мен елімізге танымал жайдарманшылардың фестивалімен қорытындыланды.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

КӨКЖИЕГІНДІ КЕҢЕЙТКІҢ КЕЛСЕ, ТІЛ ҮЙРЕН, БІРАҚ АНА ТІЛІҢДІ БӘРІНЕН БИІК ҚОЙ

«Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте».

Бұл – Қадыр Мырза Әлінің сөзі. Тіл – мәңгілік тақырып. Ол адамзат баласына ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тілді көздің қарашығындай сақтай білу баршамыздың борышымыз әрі азаматтық міндетіміз һәм өмірлік қағидамыз болуы тиіс.

Тарихтан тін тарқатсақ, хакім Абай жиырма бесінші қара сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі – олар дүниенің тілін білді. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына кіреді. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі», – деп баға беріпті. Расымен, жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл. Одан ұтпасаң, ұтылмайтының хақ.

Осы орайда тіл мамандарының да пікірін білгенді жөн көрдік. Белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры Асылы Османмен хабарласып, тіл туралы ойын білген едік.

4 БЕТТЕ

ЖҮСІПБЕК ЖАЗҒАН ПСИХОЛОГИЯ

Қазіргі таңда кім көп, психолог көп. Байқап қарасақ, елімізде «ақыл сатқыш» тренерлер мен психологтардың жұмысына сұраныс көп. Расында, әр қазақ өзгенің ақылына зәру ме?

«Ең күшті қару – психологиялық қару»... Ал психологиялық тұрғыдан әлсіз адам үнемі күйзеліске түсуге бейім. Дегенмен адам күйзеліске түсіп, өзін-өзі жеңе алмағанда психологтың кеңесіне жүгінгені дұрыс. Өйткені психолог шыныңды да, сырыңды да айтқыза білетін бірденбір маман иесі. «Сүрініп кетсең, қайта тұруға қақыңның бар» екеніне дұрыс бағыт сілтейтін де – сол «жан әлеміне саяхат» жасаушылар екені рас. Бүгінде сұранысқа ие психологияның дамуына зерттеу жасағанды жөн көрдік.

Психология ғылымы сонау орта ғасырдан бастау алатын, қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама-ойшылдар әл-Фараби, Жүсіп Баласағұнидың психологиялық мұраларында, төңкеріске дейінгі кезеңдегі қазақ ағартушылары Абай, Шоқан, Ыбырай, Шәкәрімнің психологиялық ілімдерінде, 20-ғасырдың бас кезіндегі Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов еңбектерінде негізі қаланды.

3 БЕТТЕ

БРИФИНГ

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Қазіргі таңда жанар-жағармай бағасы қоғамда өзекті күйінде. Жыл сайын күзгі жиын-терінің кезінде бағасы шарықтап, шаруаларды шалғайдан тартатыны несі?

Расында жетіспеушілік бар ма? Әлде қолдан қымбататып отырма? Мәселенің мән-жайын білмек болып, өңірлік коммуникация орталығында өткен брифингке бардық.

Тамыз айынан бастап Энергетика Министрлігінің бұйрығымен жанар-жағармайға шекті баға белгілеудің жаңа тәртібі енгізілді. Жүргізуші куәлігі бар азаматтарға тәулігіне жеңіл автокөлікке 100 литр, жүк көліктері мен автобустарға 300 литрге дейінгі көлемде 230 теңгеден алуларына болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

2 БЕТТЕ

САПАР

Қармақшы құрылысқа ден қойса, Жалағашта жаңашылдық байқалады

Облыстағы аудандардың дамуы бүгінде қарқынды жүзеге асуда. Әсіресе инфрақұрылымы мен индустрияда жемісті жұмыс көп. Бірқатар ауданда күрмеулі мәселе – газдандыру жұмысы кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Одан бөлек тұрғындарды жұмыспен қамту мақсатында өндіріс орындары да ашылуда. Аталған жұмыстардың жай-жапсары туралы өңірлік коммуникациялар қызметі мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы ұйымдастырған баспасөз турда таныстық. Қармақшы мен Жалағашқа барған облыстағы тілшілер ауданның тыныс-тіршілігін біліп қайтты.

ҚАРМАҚШЫДА ГАЗДАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ

Қазіргі кезде Қармақшы ауданындағы Төретам кенті мен Ақай ауылын газға қосу жұмыстары жүргізілуде. 2021 жылы облыстық бюджеттен «Төретам кентіне тартылатын газ құбыры мен орамішілік газ тарату желілерін салу» жобасы жасалып, сараптамадан өткен.

Қазіргі кезде кентті газдандыру жұмыстарын бастау үшін республикалық және аудандық бюджеттен қажетті қаржы бөлінді. Мемлекеттік сатып алу заңы аясында өткізілген конкурс нәтижесінде «Алия Сервис» ЖШС жеңімпаз атанып, жұмыстарын бастап кетті.

−Төретам кентін 2022-2023 жылдары газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Кентті газдандыру жұмыстары аяқталғанда 2000-нан астам үй мен 200 әлеуметтік, кәсіпкерлік нысан «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілмек. Жалпы қазіргі кезде кентте 12 мыңнан астам тұрғын бар. Газдандыру жұмыстары осы тұрғындардың бұрыннан келе жатқан мәселесін шешіп бермек, − дейді Төретам кенті әкімінің орынбасары Дина Шакиева.

Дәл осындай жұмыстар ауданға қарасты Ақай ауылдық округінде де жүзеге асуда. Байқоңыр қаласының жанында орналасқан республикалық маңызы бар Ақай елді мекенін газдандыру бойынша 2021 жылы облыстық бюджеттен жоба жасалып, мақұлданған.

Мұнда да газдандыру жұмыстарын бастау үшін республикалық және аудандық бюджеттен қаржы бөлінген. Мемлекеттік сатып алу заңы аясында жеңімпаз болып «Akbars Story LTD» серіктестігі жеңімпаз болып танылып, алғашқы құрылыс жұмыстарын бастап кеткен.

СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНУДА

Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Мердігер «Сапақ» өндірістік кооперативі құрылысын жүргізген

нысанды салу жұмысы өткен жылдың қыркүйек айында басталған.

− Спорт кешенінің құрылысын аяқтау қазан айына жоспарланған. Бұл нысанның құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілгенде аудандағы 400-ге жуық жасөспірім спортпен шұғылдануға мүмкіндік алады. Одан бөлек жаттықтырушылар мен техникалық қызметкерлерге арналған 20 тұрақты жұмыс орны ашылады. Мұнда үлкен ойын залы, тренажер мен атлетикалық зал, спортшылардың киіну бөлмесі мен жуынатын орын болады, − дейді аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұрбол Мырзабаев.

Қазіргі кезде құрылыс жұмыстарымен 30 адам айналысуда. Олардың қатарында жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыс істеп жатқан аудан тұрғындары да бар.

Одан бөлек мұндай спорт кешенінің құрылысы Ақай ауылдық округінде де жүзеге асуда. «Өмірзақ» ЖШС мердігер мекеме ретінде танылып, құрылыс жұмыстарын биыл бастаған. Жоспар бойынша бұл спорт кешеннің құрылысы келер жылы аяқталуы керек.

2 БЕТТЕ

Қармақшы құрылысқа ден қойса, Жалағашта жаңашылдық байқалады

ЖАЛАҒАШТА ГЕМОДИАЛИЗ ОРТАЛЫҒЫ БАР

Жалағаш кентінде «ID Senim» гемодиализ орталығы жұмыс істеуде. Бүйрек ауруы бар адамдарға медициналық қызмет көрсететін клиника маусым айынан бері жұмыс істеп келеді. Жалпы «Diaverum» компаниясы алғаш рет 1991 жылы Швецияда құрылған. Қазір 24 елде 469 клиника қызмет көрсетуде. Кенттегі клиника осы компанияның филиалы ретінде жұмыс істеуде.

Жалағаштағы Амантұр Рұсқұлов басқаратын клиникада 11 қызметкер жұмыс істейді. 10 орынға арналған клиниканың жалпы құны 102 млн теңгені құрайды. Медициналық мекеме диализге және трансплантацияға дейінгі ауқымды қамтиды, одан бөлек бүйрек ауруларын емдейді.

− Бүгінде клиникада 17 пациент емделуде. Олар күнара келіп, диализ процедурасын қабылдайды. Орталық Жалағашта орналасқанымен мұнда Қармақшы мен Сырдария ауданынан келіп, емделетін науқастар да бар. Орталық күндізгі стационар ретінде жұмыс істейді. Аталған процедура медициналық сақтандыру арқылы тегін жүргізіледі. Айта кетерлігі, «ID Senim» гемодиализ орталығы заманауи және соңғы үлгідегі құрылғылармен қамтамасыз етілген, − дейді клиника дәрігері Алмағүл Сахиева.

Айта кетерлік жайт, «Diaverum» компаниясының басты мақсаты – пациенттерге барлық жағдай жасау. Соның ішінде соңғы үлгідегі аппарат, толық дәрі-дәрмекпен қамту және жайлылық бар. Емделушілер аптасына 3 рет 4 сағаттық процедура қабылдайды. Клиника науқас санына қарай үш мезгіл қабылдауға қауқарлы.

Басы 1-бетте

КӘСІПКЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Жалағаш ауданында кәсіп ашып, өндірісін өркендеткен жандар қатары артып келеді. Мемлекеттен қолдау алып, идеясын жүзеге асырғандар бүгінде түрлі өнім шығаруда. Соның бірі – «Адима» жеке кәсібінің иесі Мұрат Әбілов. Ол 2020 жылы эковата өндіретін цех ашқан.

Жобаны жүзеге асыру үшін кәсіпкер жеке қаражат есебінен 13 млн және «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы арқылы мемлекеттен 2,0 млн теңге қаржылық грант жеңіп алған. Бұл қаражатқа бизнес иесі өндіріске қажетті құрал-жабдықтар алып, кәсібін ашты.

– Цехтан үй құрылысы кезінде жылуды қамтамасыз ететін эковата өнімі шығады. Өнім бағасы тиімді болғандықтан қазіргі кезде тұрақты тұтынушыларымыз да бар. Бүгінде цехта 5 адам жұмыспен қамтылған. Шикізатты аудандағы дүкендерден аламыз. Алдағы уақытта қаржылай қолдау болса құрылғы алып, ДСП, шеге шығару жоспарда бар, − дейді Әбіл Өтеген.

Одан бөлек Жалағаш ауданында тігіншілік, ешкі сүтінен сабын шығару және қолөнермен айналысатын жас кәсіпкер бар. Жылбек Қуаныш 2018 жылы «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы арқылы грант жеңіп алып, ең бірінші тігін кәсібін ашқан. Сонымен қатар «Zhas project» республикалық жас кәсіпкерлерді қолдау жобасы аясында 1 млн теңге қаржылай қолдауға ие болған. Өткен жылы да «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен кәсіпкердің «Үкілім» брендімен қыз жасауын дайындау жобасы жеңімпаз атанып, 2 мил 970 мың теңге грант жеңіп, кәсібін кеңейткен.

2 адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер қыз жасауы, ат әбзелдері, киіз үй құрал-жабдығы мен қолөнер бұйымдарын жасайды. Бала кезден тігінмен айналысқан анасының еңбегіне қызығушылық танытқан ол 2018 жылы кәсіп ретінде бастауға бел буған.

− Мен түрлі компанияда тігін өнерімен, ағаш ұстасы бағытында курстан өтіп, тәжірибе жинап қайттым. Одан бөлек жастық пен көрпе тазалау бойынша да шеберлік дәрісінен өттім. Кейін туған жерге келіп, кәсіп ретінде бастадым. Қазіргі таңда сұраныс та артып келеді. Сондай-ақ биыл сабын жасауды да қолға алдым. Жалпы ешкі сүтінен жасалған сабын Қазақстанда Алматы мен Шымкент қаласында ғана бар екен. Мен де Ресейден шикізат сатушыны тауып, сабын шығаруды бастадым. Сұранысқа сай қазір түрлі пішіндегі сабын жасаймын. Бір ерекшелігі, ол бұйымдарды тұрмыста пайдалануға және кәдесый ретінде ұсынуға болады, − дейді жас кәсіпкер Жылбек Русланбекұлы.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ,
Суреттерді түсірген **Нұрболат Нұржаубай**
Қызылорда – Қармақшы – Жалағаш – Қызылорда

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

– Жергілікті кәсіпкерлердің жанармай сату бекеттерінде дизель отынының жетіспеушілігіне байланысты қажеттілікті қамтамасыз ету үшін Энергетика министрлігі, мұнай өңдеу зауыттарымен тығыз байланыста жұмыс қолға алынды. Жыл аяғына дейін жанар-жағармайдың қажетті көлемі нақтыланып қажеттіліктерді уақытылы қамтамасыз ету жұмыстары жасалуда. Айта кету керек, дизель отыны бойынша жетіспеушіліктің басты себебі – ресурс ұстаушы «PetroSun» ЖШС тарапынан жеңілдетілген бағамен дизель отынын босату кезінде жергілікті операторлардың сұранысы толық емес көлемде өтелуі болып отыр. Ресурс ұстаушы дизель отынын кәсіпкерге тиесілі жанармай құю бекеттерінің саны бойынша бөлетіндігі белгілі. Сол себепті аудандарда, шалғай елді мекендерде мұнай өнімдерімен қамтамасыз ететін жергілікті кәсіпкерлер жанар май құю бекеттерінің жалпы саны аз болғандықтан дизель отыны қорынан тысқары қалып келеді. Мәселен, өңірдегі ірі желілік («Sinooil» ЖШС, «Petro Retail» ЖШС, «Helios» ЖШС т.б.) өткізушілерден бөлек жергілікті операторлардың сұраныс берген 6610 тоннасының 747-сі немесе небәрі 11 проценті қанағаттандырылған. Қызылорда облысында 125 жанар-жағармай бекеті жұмыс жасайды. Оның ішінде 37 кәсіпкерлік нысаны, 12 мұнай базасы бар. Сондай-ақ ірі май құю бекеттері 30 процент болса, қалған 70 проценті жергілікті операторлар. Өңірде жұмыс жасайтын ірі көлемдегі бөлшек сауда жеткізушілері («Sinooil» ЖШС, «Petro Retail» ЖШС, «Helios» ЖШС т.б.) тиесілі 40 бекеттерінің негізгі бөлігі Қызылорда қаласында және Батыс Еуропа – Батыс Қытай автомагистралінде орналасқан. Дизель отыны жетіспеушілігі салдарынан облыста 27 жанар-жағармай құю бекетінде қор таусылып тұр. Қалған бекеттерде шектеулі мөлшермен қолма-қол ақшаға немесе талонға босатылуда. Қазіргі уақытта үкімет тарапынан қабылданған жедел шаралардың нәтижесінде жағдай тұрақталып келеді. Тамыз айынан бері облысқа 9183 тонна дизель отыны жеткізілген, – дейді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Фердоуси Қожабергенов.

Облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Ералыұлының айтуынша, облыста сұйытылған мұнай газын электрондық сауда алаңдарынан тыс жеткізуге арналған жоспарға сәйкес 7351 тонна сұйытылған мұнай газ бөлінді. Сонымен қатар тамыз айына «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС қосымша 234 тонна бөлініп отыр. «Атырау «НПЗ» мен «СНПС Ақтөбемұнайгаз» ЖШС жөндеу жұмыстары тоқтауына байланысты жалпы республика бойынша бөлінетін сұйытылған мұнай газ көлемі қысқартылды. Осыған байланысты қыркүйек айына 6480 тонна бөлінді. Оның 5134 тоннасы «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, 1046 тоннасы – «СНПС Ақтөбемұнайгаз» ЖШС, 300 тоннасы – «Саутс Ойл» ЖШС тиесілі. Қазіргі уақытта «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бекітілген кесте бойынша сұйытылған мұнай газы жеткізілуде. Тамыз айының соңы мен қыркүйек айының басында «Қызылорда Мұнай Өнімдері» ЖШС мен «Автогаз Трейд» ЖШС автогаз құю станцияларында сұйытылған мұнай газының тапшылығы орын алып, шектеулер енгізілген болатын. Қазіргі таңда барлық шектеулер алынып, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің бұйрығына сәйкес өңірімізде сұйытылған газ бағасы 60 теңгеден сатылуда.

Т.ЖӨКЕБАЙ

Басы 1-бетте

МАҚСАТ – ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ САПАСЫН АРТТЫРУ

Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастамасымен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарының жұмысына арналған баспасөз турын өткізді.

Шараның мақсаты – кәсіпорын активтерінің сенімділігін қолдау, техникалық қайта жарақтандырылуын қадағалау. Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу департаментімен энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бірлескен бұйрығы негізінде компания қаражаты есебінен 2239,7 млн теңгеге 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бойынша ұзындығы 127,06 шақырым 10/04

кВ жаңа әуе желілерін қайта жаңарту және жаңғырту жұмыстары жүру керек. Сонымен қатар ұзындығы 23 шақырым жаңа 10/04 кВ кабель желілерін салу, 10 кВ-1 бірлік тарату пунктінің құрылысы, электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және ЭКЕАЖ-ға (АСКУЭ) қосу – 9159 дана, КС – 35/10 кВ-7 жиынтыққа SCADA жүйесін енгізу жоспарлануда.

– Мемлекеттік инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2021 жылы 26,98 млн теңге сомасына 570 ST экскаватор-тиегіш автотехника сатып алынды. Бүгінгі таңда 570 ST жүк тиегіші апаттық жағдайларды жою және күрделі жөндеу үшін қолданылады. Сондай-ақ 110/35/10 кВ әуе желілерінің трассалары мен габариттерін тазалау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Биыл 10/0,04 кВ электр желілерін қайта жаңарту және жаңғырту, электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және ЭКЕАЖ-ға қосу жоспарланған. Бүгінгі таңда мемлекеттік сатып алу порталында материалдар сатып алынуда. Бағдарламаны орындау нәтижесінде келесідей көрсеткіштерге қол жеткізілетін болады деп күтілуде. Электр энергиясының нормативтік ысыраптары 14,7-ден 14,65 пайызға дейін және электр желілерінің тозуы-68-ден 67,5 пайызға дейін төмендемек.

Биыл 110/35/10/0,4 кВ әуе электр беру желілерін және кернеуі 110/35/10/0,4 кВ және одан жоғары 1071,23 шақырым қосалқы станцияларды және 298 млн теңге сомасына 127 трансформаторлық қосалқы станциялардың күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары толық көлемде аяқталды, – дейді «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» өндіріс басқармасы басшысының орынбасары Нұрбай Ізтілеуов.

Баспасөз турында бірқатар «Қызылорда электр тарату тораптары» бөлімшелерін аралап, қайта жаңғыртудан өткен жұмыс барысы сараланды. Мамандардың айтуынша, жөндеу жұмыстарының мақсаты – жеткізілген электр энергиясының сапасы мен сенімділігін арттыру, электр энергиясының нормативтік ысыраптарын азайту.

Мүсілім ШАЙДУЛЛА

СҰХБАТ

Әлеуметтің әлеуетін көтеру, жастарды жұмыспен қамту бағытында қандай жұмыстар жүргізіп жатқанын білу мақсатында қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаеваны әңгіме тартқан едік.

ЖАСТАРДЫ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

– Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – бүгінгі күннің негізгі міндеті. Осы орайда 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаның іске асырылу барысы қалада қалай жүріп жатыр?

– Мемлекет басшысының тапсырмасының бірі – жаңа жұмыс орындарын ашу, халықты тұрақты жұмыспен қамту. Сол себепті де тұрғындарды жұмыспен қамту күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналған. Яғни халықтың тұрмыс сапасын жақсарту – негізгі міндет. Осы мақсатта «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобасы» жүйелі түрде жүзеге асуда. Себебі тұрғындардың әлеуеті жақсармай, жұмыссыздар саны азаймай, еліміздің алға қарай қарыштап дами алмайтыны, экономикамыздың көтерілмейтіні белгілі.

Қазіргі уақытта қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі арқылы 28 мемлекеттік қызмет, бөлімге қарасты орталықтар мен бөлімшелер арқылы 8 түрлі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі, оның ішінде 5-уі жұмыспен қамту орталығы арқылы көрсетілуде. Атап айтсақ, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» бойынша қалада көптеген жұмыс атқарылуда. Жоба аясында жұмыссыздарға жұмыс табуға мүмкіндік жасалды. Мәселен, қала бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 4 мамандық түрі бойынша 120 жұмыссыз азаматты оқыту жоспарланып, бүгінгі күнге 40 адам пішуші, 40 адам тігінші, 19 адам электромонтаждаушы мамандықтары бойынша, барлығы 99 адам оқуға жолданды.

«Бастау-Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздерін оқуға 3793 адам жолданып, оның 3004-і оқу курстарын аяқтап, 150-і мемлекеттік грант алды. Ал Ұлттық жобаның бір бағыты халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары арқылы жүзеге асады. Оның ішінде жыл басынан бері қоғамдық жұмыстарға 2505 адам жолданып, оның 78-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына 63 мекемемен келісім-шарт жасалып, 169 адам жолданды. Мерзімінен бұрын 40 адам жұмыстан шығып, 35-і тұрақты жұмысқа орналасты. Жастар тәжірибесін ұйымдастыру бойынша 337 мекемемен келісім-шарт жасалған. Сол арқылы 768 адамға жолдама беріліп, 23-і тұрақты жұмысқа орналасты. «Алғашқы жұмыс орнына орналастыру бойынша» 44 адам жұмысқа жолданды. Ал «Күміс жас жобасы» аясында 17 зейнеталды жастағы адамдарға қаражат бөлінді. «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасына 5 адамға қаражат бөлінді. Алдағы уақытта межеленген жоспардың толығымен орындалуына жұмыс жасалады.

– Жұмыссыздық мәселесі еліміздегі ең өзекті мәселенің бірі болып тұр. Қаламыздағы ахуал қандай?

– Жастарды тұрақты жұмыспен қамту – қаламызда жүзеге асып жатқан маңызды міндеттің бірі. Мемлекет осы бағытты назарға алып, тиісті бағдарламалар ұсынды. Соның нәтижесін жұмыссыз жастар көруде. Бағдарламаның оң нәтижесі көп. Жастар жұмысқа орналасты. Қазіргі уақытта қала бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда бірқалыпты деңгейде. Биыл 10673 жаңа жұмыс орнын ашу, оның ішінде тұрақты жұмысқа 5721 адамды орналастыру жоспарланды. Бүгінгі күнге 6275 жаңа жұмыс орны ашылып, оның ішінде 2700 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

– «Enbek. kz» сайты арқылы жұмыс іздегендерге жұмыс табуға мүмкіндік бар ма?

– «Enbek.Kz мемлекеттік порталының қазіргі таңда жұмыс берушіге де, жұмыс іздеушіге де тиімді тұсы көп. Электронды еңбек биржасында әрбір жұмыс іздеуші азамат жеке кабинеті арқылы түйіндемесін жұмыс берушілер тарапынан жарияланған бос жұмыс орындарға ұсына алады. Әрбір азаматтың «enbek.kz» порталы арқылы тұрақты немесе уақытша жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік қарастырылған.

Сонымен қатар жұмыссыз ретінде мәртебе алу және міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының қатысушысы болған жағдайда жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақыға портал арқылы өтініш беруге болады. Порталда жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған азаматтарға түйіндемесіне сәйкес келетін тұрақты жұмыс орындары ұялы телефондарына хабарлама арқылы ұсынылып тұрады.

– Мекемеге көбіне көпбалалы аналар баратыны белгілі. Шешімін таппаған қандай мәселе бар?

– Қазіргі таңда, қала бойынша 11622 көпбалалы анаға мемлекет тарапынан арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, 6141 отбасына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төленуде. Жыл басынан бері «Бақытты отбасы» бөлімі арқылы 2160 тұрмысы төмен, көпбалалы және мүгедек бала асыраушы аналарға демеушілер тарапынан қайырымдылық көмектер көрсетілді. Дегенмен көпбалалы аналарымыздың шешімін таппай жүрген мәселесінің бірі – балаларының денсаулығына байланысты кезектен тыс пәтер алу және уақытша пәтерге орналастыру көп көтеріледі. Әрине, оның бәрі де қолданыстағы заңдылықтар аясында шешілетіндігі кездесу барысында түсіндірілуде.

– Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек жайында айтып өтсеңіз. Әлеуметтік желілерде көбіне осы бағытта сыни пікірлер жиі айтылып жүр. «Мерзімі өтіп кеткен тамақ, арзан өнімдер беріледі» дегендей... Бөлім тарапынан қаншалықты қадағалау жүргізіледі?

– Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек негізінде отбасының табысы жан басына шаққандағы күнкөріс деңгейінің 70 пайызына аспаған жағдайда беріледі. Қазіргі таңда қала және қалаға қарасты кент, ауылдық округтерде тұратын 6141 отбасына аталған көмек көрсетілуде. Оған қосымша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы 1 және 6 жас аралығындағы балаларға кепілдік берілген әлеуметтік топтама ретінде азық-түліктер беріледі.

Дегенмен әлеуметтік желіде жарияланып жататын жағдайлар бойынша көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты тексеру жүргізіліп, қызмет көрсетуші тарапынан дер кезінде ауыстырылып берілді. Қазіргі кезде аталған жағдайлардың қайталанбауына бөлім тарапынан жауапты маман бекітіліп, күнделікті бақылауға алынған.

– Қайтарымсыз несие алу барысында қандай кәсіп бастауға көбірек көңіл бөлініп жатыр?

– Биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастарға, атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасы мүшелеріне, көпбалалы отбасыларға, қандастарға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға және мүгедектігі бар тұлғаларға беріледі. Бүгінгі күнге 221 азаматқа мемлекеттік грант берілді. Басым көпшілігі тігін, кондитер, мал шаруашылығы саласын бастауға алуда.

Сонымен қатар қалалық жұмыспен қамту орталығының мамандары бюджет қаражатының мақсатқа сай жұмсалуына 12 айға дейін мониторинг жүргізуде.

2020-2022 жылдар аралағындағы мемлекеттік грант алып, мақсатсыз жұмсаған 119 азаматқа қаражатты бюджетке кері қайтару туралы орталық тарапынан сот органдарына талап арыз беріліп, 100-і қанағаттандырылды, 8-і қанағаттандырусыз қалдырылды, 11-і қаралу үстінде.

– Қоғамдық жұмысқа тұрғандар алты айдан кейін қайда барады?

– Ел Үкіметінің 2021 жылғы №728 қаулысы бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» бекітіліп, жаңа бизнес-идеяларға берілетін гранттардың талаптарына өзгерістер енгізілді. Бұрын қоғамдық жұмысқа 6 айға жіберілсе, осы жылы қоғамдық жұмыс орнының субсидиялау мерзімі 12 айға ұзарды. Субсидиялау мерзімі аяқталғаннан кейін тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал жасалатын болады.

– Жастар тәжірибесі арқылы жұмыс іздеп келушілер бола ма?

– Жастар тәжірибесіне қатысушы адамдардың жасы 29-дан аспауы тиіс және «жұмыссыз» мәртебесі болуы шарт. Сонымен қатар өз мамандығы бойынша соңғы үш жыл ішінде жоғары оқу орындары мен колледждердің еңбек өтілі жоқ түлектері қатыса алады. Жыл басынан бері жастар практикасына 768 жас маман жолданды. Орталыққа хабарласқан бітіруші түлектер жастар тәжірибесімен мамандықтарына сәйкес мекемелерге жолдануда.

– Президент Жолдауда ең төмен жалақының артатынын, жастарға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілетінін жеткізді. Бұл әлеуметтің әлеуетін көтеруге септігін тигізе ала ма?

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Президент Жолдауында жастарды жан-жақты қолдау басты бағыттың бірі ретінде айрықша аталды. Келесі жылдан бастап жастар кәсіпкерлігін қолдауға 2,5 пайыз жеңілдікпен шағын несие беру тетігі іске қосылады. Бұл жастарға жігер сыйлап, олардың кәсіби тұрғыдан дамуына беріліп тұрған үлкен мүмкіндік. Бағыт айқын. Сондықтан да осы бағытта нақты іске кірісуіміз қажет. Мәселен, қала әкімі жастарға жаңа жұмыс орындарын ашудың тетіктерін ойластыруды, қоғамдық негізде және жастар тәжірибесі бойынша қабылдаған адамдардың тұрақты жұмыспен орнығуына жағдай жасау қажеттігін қатаң тапсырды. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асса, халықтың әлеуетін көтеруге септігін тигізері анық.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Әңгімелескен
Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖҮСІПБЕК ЖАЗҒАН ПСИХОЛОГИЯ

Адамның денесі қандай мысқалдап өсіп, жетілетін болса, сезімі де, пікірі де сондай, біртебірте жетіліп, өркендемек, адам тура адамшыл бола бермейді, ұлтшылдық сезім де сол сықылды әуелі үй ішінен, одан қала берсе, туған ауыл, туған жерден бастап жоғары өрлейді.

***

Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің крегі, қызметкері. Басшы түзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық аз, қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса.

***

«Сүтпен сіңген мінез, сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақал тәрбиемен мінезді түзеуге болмайды деуге дәлел емес.

***

Оқыған – қара халықтың шырағы. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған «оқыған» халықтың меселін айырады, көңілін қалдырады.

***

Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен.

Жүсіпбек Аймауытов 1926 жылы ел астанасы Қызылордадан басылып шыққан «Психология» кітабы мен Мәскеуде сол жылы Күншығыс елдерінің баспаханасынан жарық көрген «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты ғылыми кітабы талай ұрпақтың ғылыми сауатын ашып, теориялық һәм практикалық зор міндет атқарды. Ана тіліміздегі психология пәнінің терминдерін қалыптастыруда көшбасшылық, жетекшілік ролі, педагогика саласында да Жүсіпбек ерен білгірлік танытқан. Бұл еңбек қазақ тілінде жазылған, қанша уақыт өтсе де, өзінің құндылығын жоймаған тұңғыш оқулық екендігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды. Бұл оқулық – мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына арналған оқу құралы. Біз Жүсіпбек жазған психология әлеміне үңілгенді жөн көрдік.

Жүсіпбек Аймауытов қарапайым адамға жұмбақ сияқты көрінетін психикалық құбылыстардың себептерімен, сырларымен таныстыра отырып, соған қарапайым тілмен жауап беруге ұмтылады. Еңбекте психология ғылымы, оның тарихынан хабардар етеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың бұл кітабының екінші, үшінші таралулары жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктері мен мінез-құлқын зерттеу әдістері туралы, жүйке жүйесінің құрылымы, оның заңдылықтарына сипаттама береді. Сол сияқты шартты рефлекстер, организмнің тітіркенгіштік, сезгіштік қасиеттері туралы айтылады.

«Денедегі кейбір мүшелер, оның қызметтері» және «Эмоция және сезім» атты төртінші және бесінші тарауларында психикалық үрдістердің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен эмоция, сезім, көңіл-күйге талдау жасалады. Сонымен қатар оқулықта таным үрдістеріне сипаттама беріледі, олардың заңдылықтары мен қасиеттеріне тоқталады.

Қазіргі уақытта психолог мамандардың инстаграм парақшасын немесе кітаптарын ашып қарасаң, адамға ең алдымен өзін дамытуға кеңес береді. Өзін дамыту, өзін жетілдіру арқылы өзгеге өнеге болатынын адамның өзі өзгергенде ғана жанындағы адамдар өзгеретінін айтып жатады. Мұндай зерттеу Жүсіпбек жазған психологиядан бастау алатынына көз жүгірттік. Демек, кейде ақылы психолог курсына жазылғаннан гөрі, «Психология» кітабын әрбір адам оқыса, біраз ақыл-кеңес пайдасына жарары анық.

«Ескі психология мамандары психологияның негізі өзін бақылау деп санаған» деп жазады Жүсіпбек Аймауытов. Өзін бақылаумен әуестенудің тамшыдай болса да шындығы бар. Мәнісі былай: Адамның қылығына тиісті – ішкі қозғалыс, мысалы, осылай аталып кеткен. Ішкі тіліміз сырттан бақылауға көніңкіремейді. «Көніңкіремейді» дейтін себебіміз, ол қозғалыстардың тұп-тура сыртқы қозғалыспен байланысы болу салдарынан жарым-жартылай болса да оларды біле аламыз. Қан жүрісінің өзгеруі бетке шығады, «ішкі тіліміз» сөз боп сыртқа шығады. Кісінің айтқанын бұрынғы оның өзі туралы айтқан сөзімен мүмкін болғанша байланыстыруға болады, сыртқы мүшелердің болар-болмас қозғалысының өзі қырағы бақылаушыға ішкі мүшелерінің қозғалысын ашып береді. Қалай дегенмен, мұның бәрі де қиын мәселелер екенін айтып өтеді жазушы. Сол арқылы адамның өзін-өзі дамытуға назар аудару қажет екендігін айтып тұрғандай.

Басы 1-бетте



ЖЕР ЖҮЗІНІҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ, БІРІГІҢДЕР!

ЖҮСІП-БЕК

ЖАН ЖҮЙЕСІ МЕН ӨНЕР ТАҢДАУ

Қазақстан оқу комиссариаты қасындағы білім ордасы

Қазақстан мемлекет баспасының күншығыс бөлімі
1926 жыл.



НЕГЕ АРНАЛСАҢ, СОНЫ ІСТЕ!

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

I

«Неге арналсаң, соны істе!» деген алғашқыда сәл сөз сияқты көрінсе де, бұл мағынаның астында, асса әлеуметке, қала берсе әр адамға маңызы зор терең мәселе жатыр. Мәселені дұрыс шешу үшін ғылым жолымен зерттеу керек.

Әлеумет тұрмысындағы зор кемшіліктің бірі – әлеуметтің мүшесі әр адам «өз орнында» қызмет етпеу. Естеріңізде болсын: адам қалай болса, солай сүйреуге көне беретін тулақ емес, қалай қакса, солай домалайтын «Алланың» добы да емес. Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Кісі іштен туғаннан-ақ, белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады, ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Қайғы сол: өз жолын шұу дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады. Адамның көбі ана жолға бір, мына жолға бір түсіп, өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен күні өтеді. Өз жолымен қызмет істемеген адамның жұмысы берекесіз болғаны өз алдына, ондай адам ісіне көңілі жарымағандықтан, өмірге, тағдырға налып, зарланып, бақсыз жан болып күнелтеді.

Санап қарасақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке керек. Әлеумет те, мемлекет те, адамның еңбегі берекелі, пай-...

«Психология – терең ой, терең білім, терең пәлсапаға соғатын пән, – деп жазады Жүсіпбек. Жазушының сөзіне сүйенсек, «Өзге білімдер затшылдыққа табан тіресе де, психология әлі тіреп, аяғын нық басқан жоқ. Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады. Себептері, сырлары айқындалады. Бұлардан хабары болу, ақыл-ойына ерік беру кімге болса да керек-ті. Бұл кітапты алдымен бала оқытушыларға ұсынады. Онда көбінесе бала тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталады.

Аймауытов балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп санайды. Ж.Аймауытов өнегелі ортадан бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді.

Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесіне туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-санасының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдей түскен. Ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді.

Жастайынан кемдік, жоқшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады, – деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады.

Баланың жасындағы икемдігі сыртқа шығуға ақылға сыймайтын ырымшылдық бөгет қылады. «Жер қазба, қора соқпа, жаман сұмдықты бастама» деп кейбіреулер баланы ойыннан тыяды. «Қара құлақ ойнаса» қасқыр келеді деп сұмдық көреді. Әуелі асық ойнағанды әуейілік деп тыятындар бар. Мұның бәрі баланың еліктегіштігінен, іске икемділігінен туады, үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады. Балаға «жер қаздырмаймын», «қара құлақ» ойнатпаймын десе, үлкендер құдық қазып мал суаруды, қасқырдан мал күзетуді қою керек. Әйтпесе баланы тыю жол емес, асық ойнаудың сан, есеп үйренуге, денесі оңтайлы болуға, ұйымдасуға, қоғамдық, әділдік сезімін күшейтуге зор пайдасы барын білген әке-шеше еш уақытта ойыннан тыймас еді.

Ж.Аймауытов «адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен» дейді. Ол тәрбиенің екі түрлі болатынын: дене тәрбиесі және жан тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетеді.

«Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе, жастардың басында: олар тәжірибесіз, көңілді, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Өмір жолдары сан тарау. Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді» деп жазады кітапта.

Ж.Аймауытов «тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу» деген қағиданы қуаттай келіп, «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек» – дейді.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» кітабын зерттеушілер оның құнды және ұрпаққа мол мұра болып қалатын дүние қалдырғанын зерттеп жазады.

ҚР Журналистер одағының мүшесі Сымбат Мұталапханқызы Жүсіпбек жазған еңбектің құндылығына ерекше тоқталады. «Қазіргі кезде психология саласында жазылған том-том еңбектер кітап дүкендерінде де, кітапхана сөрелерінде де толып тұр. Оның көпшілігін оқуға, зерделеуге мүмкіндік болғанымен, этникалық ерекшеліктерімізге қайшы келетін тұстары өте көп. Десек те, байыбына бармай қабылдай салу, еліктеу арқылы қарекет қылудың салдары кері әсерін беріп жатқандығы тұрмыста да, қоғамда да байқалады. Зұлмат заманда қазақ зиялыларының ең алғашқыларының қатарында құрбан болған Ж.Аймауытовтың еңбектерін немқұрайлы, жай ғана оқи салу мүмкін емес. Оқыған сайын өз болмыс карекетіңді саралауға, дұрыс-бұрыс жақтарды өлшеуге, ой түюге жетелейді. Жүсіпбек Аймауытұлы ұлтының тілін, рухын, мәдениетін, беделін көтеретін жолды ғылыммен, өнермен ұштастыра іздеді, қазаққа икемдеп «ПСИҚОЛОҒИЯ» атты САҢЫЛАУ қалдырды...» деп жазады ол.

Филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісмақова да Жүсіпбек Аймауытов шығармаларын зерттеушілердің бірі. «Ж.Аймауытұлы – қазақтың психологиялық прозасын қалыптастырушы жазушы, ақын. Психология, педагогика, оқу әдістемесі деген мамандықтың басында тұрған ғалым. Жүсіпбектің мықты психолог маман екені «Ақбілек» романында ерекшеленеді. Ақбілектің көрген азабын, толғақ қысқан кездегі жан қиналысын, ер адам бола тұра өз жүрегімен сезініп жазғанына таңғалмасқа шараң жоқ. Мен осы роман жайлы Мәскеуде лекция оқығанда дәл осы сюжеттерді қалай жеткізерімді білмедім. Ресей жазушылары өте жоғары баға берді, – деп жазады ол.



УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 Қаз
А 31

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасы:
С.Қирабаев (жауапты редактор), У.Қалижанов, Д.Қамзабекұлы, Р.Тұрысбеков, Г.Орда (жауапты шығарушы), Н.Қуантайұлы.

Томды баспаға дайындаған:
Б.Мұқатай, Н.Құдайбергенов

Аймауытов Жүсіпбек
Ш78 Алты томдық шығармалар жинағы. / Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
Т. 4: – 384 б.

ISBN 978-601-7317-62-1

Жүсіпбек Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына оның көзі тірісінде жеке-жеке кітап болып басылған педагогикалық зерттеулері, «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері еніп отыр. Том 1997 жылғы басылым бойынша терілін, басуға ұсынылды.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

Ә. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ
433552

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 Қаз

ISBN 978-601-7317-62-1
ISBN 978-601-7317-58-4

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты., 2013
© «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013

ПСИҚОЛОҒИЯ

Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық еңбектері жайлы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ. Жарықбаев көп зерттеген. «Жүсіпбектің тәлім-тәрбие тақырыбында жазған еңбектерінің ішінде «Психология» деп аталатын көлемді дүниесі айрықша айтуға тұрарлық. Өйткені бұл түркі тілдес халықтар тіліндегі сол кездегі бірден-бір туынды. Қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, түрікпен, қырғыз, башқұрт т.б тілдерде мұндай еңбектердің болмағанын ескерсек, осы басылымның бағасы ерекше арта түседі.

Оның зерттеулеріне сүйенсек, Жүсіпбек жаңа тұрмыс құруға белсене кіріскен қазақ жастарына егін салуды үйрен, отырықшы бол, денсаулығыңды күт, шаруа тұрмысыңды түзет, газет, кітап оқуға әдеттен, қысқасы, мәдениетті адам болу, алуан өнерді білетін кісі болуға тырыс дейді. «Әлеумет тұрмысы оңалу үшін, онымен бірге, әр адамның тұрмысын түзету үшін – әр адам қолынан келерлік, пайда берерлік іс істеу керек. Әр адам өз жолымен жүре алмай бөтен жолға түссе, оның бар таланты жарыққа шыға алмай жерде көміледі. Ондай адам өмірге разы да болмайды.

Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты зерттеу еңбегі «Психология» кітабымен бір жылда жарық көрген. Аталған кітапта жазушы әлеумет пен мемлекеттің бас тетігі – адамды қалайша қоғамға пайдалы азамат етіп шығаруға болатыны жөнінде ойланып-толғанған. Бұл еңбекте зерттеуші психологиядағы өміршең әдіссауалнама қою арқылы адамның болмыс-бітімі мен қалайтын ісін, таңдайтын кәсібін, келешегін анықтауға болатынын дәлелдеген.

Адамның мамандықты дұрыс таңдауы әлеуметке мол септігін тигізетінін айта келіп, автор: «Өмір бойы өз жолына түсе алмаған адам бір пұшайман сорлы жан-дағы. Өз жолында қызмет ету – ырыстың басы» – дейді.

Автор жан жүйесі ғылымына бірнеше жаңадан пән сөздерін (психология терминдерін) енгізген. Айталық, сынағыш, сыршыл, немесе жан тамыршысы, күйгелек, ыстық қанды, аяныш жанды, қызбалы, құмартпалы, сары уайымшыл, жан талдау т.б.

Ж.Аймауытовтың жан жүйесі жөніндегі еңбектерінің маңызын профессор Құбығұл Жарықбаев: «Аймауытұлының «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты еңбектері төл тілімізде алғаш жарық көрген дүниелер болумен қатар, бұлар түркі тектес халықтар тілдерінде бірденбір жарық көрген басылымдар» – деп бағалайды.

Қазіргі таңда қазақ баласының психологиясын орыс, батыс психологиясы жаулап алған. Оған кінәлі – теледидар, интернет, басқа да ақпарат құралдары. Жастар ана тіліндегі газет-журналдарды, көркем әдебиеттерді оқымайды. Бұл, әрине, өзімізге келіп тірелетін мәселе. Себебі психологиялық кітаптардың көбісі орыс тіліне АҚШ және Батыс психологтарының еңбектерінен аударылған, қазақ рухынан алшақ жатқан дүниелер.

Сөзімізді қорытындылай келсек, «қазіргі таңда ұлттық психология қажет пе?» деген мәселе айтылып жүр. Ал ұлттық психология әр ұлт пен ұлыстың тек өзіне ғана тән тыныс-тіршілігінен туындайтын тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діннің психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым. Ұлттық психология – этнопсихологияның зерттейтін басты проблемасы. Бұған ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық тіл, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, ұлттық рух, ұлттық тұрпат секілді ұлттық құндылықтар кіреді. Ұлттық психологиясыз ұлт болмайды. Ал ұлттық психологияны дамытамыз десек, қазақ психологтарына ғылыми зерттеуде де, шәкірт дайындауда да Жүсіпбек Аймауытов тамаша үлгі. Олай болса, оның қалдырған психологиялық мұрасына үнемі зер салып отырған дұрыс.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

ҒАЛАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – ҒЫЛЫМ

Кез келген мемлекеттің дамуының негізі – ғылым. Себебі елдің экономикалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыда тұрақты дамуы халықтың ғылыми әлеуетімен байланысты. Соңғы жылдары мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен білім мен ғылым саласында оң өзгерістер бар. Қазақстан ғылымын республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі артып, бұрын 3 жылда бір рет өтетін гранттық қаржыландыру конкурсы қазір жылына бернеше рет өткізіледі. Сонымен қатар жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру арқылы жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыру және мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында жұмыстар атқарылып жатыр.2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс нәтижесінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалып жатқан «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» атты жоба аясында ортағасырлық қолжазбалар жан-жақты зерттелуде. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты бағдарламалар аясында мыңдаған жылдық жазба мұрамыз қайта зерделеніп, ғылыми айналымға түсе бастады. Түркі дүниесіне ортақ ортағасырлық қолжазбалар ұлттық құндылықтар қатарына қосылды. Ұмытыла бастаған бабалар мұрасын қайта жаңғырту арқылы бүгінгі жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтап қалуға мүмкіндік туындады. Сондықтан қазіргі отандық ғылымда ұлтымыздың тарихы, мәдениеті, діні туралы жазба ескерткіштерді тауып, кешенді түрде зерттеу арқылы халық арасында насихаттау қажеттілігі туындап отыр. Түркі халықтарына ортақ құнды жәдігерлеріміздің арасында мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштердің алатын орны ерекше. Мәмлүк-қыпшақтар билігі тұсында дүниеге келген мәдени мұраларды екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – төлтума шығармалар болса, екіншісі – аудармалар. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі әскери-тактикалық, әдеби, діни еңбектердің басым көпшілігі араб, парсы тілдерінен аударылған болса да, бұл еңбектер түркі халықтарының мәдени мұрасы болып тыбылады. Араб тілінен түркі-қыпшақ тіліне аударылған құнды еңбектердің бірі – Әбу Ханифа мәзһабының шариғат шарттары туралы айтылған «Иршәдул-мулук» ескерткіші. Зерттеу нысанына алынып отырған діни мазмұндағы «Иршәдул-мулук уәс-салатин» («ارشاد الملك و السلاطين»– «Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық», 1387 ж.) қолжазбасының түпнұсқасы Сүлеймания кітапханасының Айасофия бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 1016 нөмерімен сақталған, 498 парақтан (996 бет) тұрады. Қолжазбаның авторы туралы толық дерек табылмаған, бүгінгі ғылымға белгілі жалғыз нұсқасын (Стамбул нұсқасы) алтынордалық ақын Құтыбтың «Хусрау уә Шырын» поэмасын көшіріп жазған Берке Фақиһ жасаған.

Осы жобада «Иршәдул-мулук» ескерткішінде сақталған нақты тілдік фактілер негізге алына отырып, қазіргі қоғамда аса өткір қойылып отырған діни таным мен тілдік сана арақатынасы тіл біліміндегі жаңа бағыт – теолингвистика аясында қарастырылған. Осы кезге дейінгі зерттеулерде дәстүрлі жүйелі-құрылымдық парадигма басымдыққа алынып, мәселенің формальды жағына назар аударылып келсе, осы зерттеуде теолингвистиканың негізі саналатын антропоөзекті парадигмамен қатар теоөзекті парадигма басымдыққа алынады. Адам өмірінің кез келген саласын қамтитын дін мен тілдің өзара байланысы мен сабақтастығы – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Теолингвистиканың дербес сала ретінде қалыптасуы және дамуы жөніндегі мәселе тіл білімінің ғана емес, бүкіл гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері қатарынан орын алады. Сондықтан қазіргі қазақ қоғамында қолданылып жүрген діни тілдік бірліктердің прагматикалық ерекшеліктерін тарихи теолингвистика шеңберінде, яғни ортағасырлық жазба ескерткіштерінде сақталған материалдар негізінде ұлттық бірегейлік тұрғысынан қарастыру қажет. Түркі халықтарына ортақ мұра ортағасырлық теологиялық ескерткіштерді зерттеп, ғылыми айналымға енгізу арқылы тарихи және заманауи теолингвистиканың көптеген мәселелерін шешуге болады.

Қазіргі таңда жоба аясында Ислам ғылыми зерттеу орталығының (ISAM) кітапханасы мен Ыстамбұл кітапханаларынан (Түркия, Ыстанбұл) және Дарул-Кутуб, Каир университетінің кітапхаларынан (Египет Араб Республикасы, Каир) мәмлүктер кезінде жазылған теологиялық ескерткіштерге қатысты ғылыми зерттеулер жинақталып, қазақ тіліне аударылып, сұрыпталды. Жоба барысында шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорынан зерттеу нысанына алынып отырған «Иршәдул-мулук» қолжазбасымен қатар мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған діни сарындағы ескерткіштер мен лингвистикалық еңбектердің түпнұсқасынан көшірмелері алынып, бір жерге жинақталды. Түркиядағы Сүлеймания кітапханасынан мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған төмендегі діни-дидактикалық жазба ескерткіштердің түпнұсқасынан көшірмесі алынып, сандық нұсқасы жасалды:

1) «Иршәдул-мулук уәс-салатин» («ارشاد الملك و السلاطين» – «Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық», 1387 ж.) қолжазбасы Сүлеймания кітапханасының Айасофия бөлімінде 1016 нөмерімен сақталған, 498 парақ (996 бет);

2) «Китаб муқаддима Абу әл-Лайс әс-Самарқанди» («كتاب مقدمة ابو الليث السمرقندى» – «Абу-л-Лейс ас-Самарқандидің кіріспе кітабы») ескерткіші Сүлеймания кітапханасының Айасофия бөлімінде 1451 нөмерімен сақталған;

3) «Китаб фил-фиқһ» («كتاب في الفقه» - «Фиқһ кітабы», 1421 ж.) Сүлеймания кітапханасының Айасофия бөлімінде 1360 нөмерімен сақталған;

4) «Муқаддиматул-ғазнауи фил-ибат» («مقدمة الغزنوي في العبادات») Сүлеймания кітапханасының Рәйсул Куттаб бөлімінде (Ыстамбұл, Түркия) 389 нөмерімен сақталған.

Египет Араб Республикасының астанасы Каир қаласындағы Дарул-Кутуб кітапханасының қолжазбалар қорынан мәмлүктер билігі кезінде жазылған төмендегі қолжазбалар табылып, түпнұсқасынан көшірмесі алынып, сандық нұсқасы жасалды:

1) «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» («كتاب الادراك للسان الاتراك» – «Түркі тіліне түсіндірме кітап», 1313 жыл, авторы Абу Хаййан) ескерткіші Дарул-Кутуб кітапханасының қолжазбалар қорында 390 нөмірімен тіркелген, микрофильм нөмірі – 13038;

2) «Китаб муқаддима Абу әл-Лайс әс-Самарқанди» («كتاب مقدمة ابو الليث السمرقندى» – «Абу-л-Лейс ас-Самарқандидің кіріспе кітабы») Дарул-Кутуб кітапханасының қолжазбалар қорында 721 нөмірімен сақталған.

Жоғарыда аталған діни мазмұндағы қолжазбалардың барлығы да ортағасырлық түркі халықтарының дүниетанымын, дінін, ділін, тарихын, наным-сенімін зерттеуде баға жетпес дереккөз. Оның ішінде «Китаб әл-Идарк» пен «Китаб муқаддима» қолжазбаларының мысырлық нұсқаларының табылуы – үлкен жетістік. Себебі түркітану ғылымында «Китабул Идрактың» мысырлық нұсқасының сақталғандығы айтылғанымен, ол туралы толық мәлімет берілмейді және қолжазбаның ыстанбұлдық нұсқасы ғана жан-жақты зерттелген. Осы күнге дейінгі зерттеулерде қыпшақ тіліне аударылған «Китаб муқаддиманың» тек түркиялық үш нұсқасы туралы айтылады да, оның мысырлық нұсқасы туралы ешқандай мәлімет берілмейді. Сондықтан жоба аясында аталған қолжазбалардың мысырлық нұсқаларының табылып, ғылыми айналымға енгізілуі зерттеудің жаңалығы мен құндылығын көрсетеді.

А.АУБАКИРОВА,
жоба жетекшісі, PhD доктор

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№73 13 қыркүйек, 2022 жыл

КӨКЖИЕГІҢДІ КЕҢЕЙТКІҢ КЕЛСЕ, ТІЛ ҮЙРЕН, БІРАҚ АНА ТІЛІҢДІ БӘРІНЕН БИІК ҚОЙ

ЕГЕР АДАМ ӨЗГЕ ТІЛДІ БІЛЕТІН БОЛСА, ОЛ РУХАНИ БАЙ АДАМ

– Тіл – ұлттың жаны. Ұлтты ұлт етіп сақтайтын тілі. Тіл ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы. Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адамды зиялы деуге болмас. Сол себепті еліміз дамып, мемлекетіміз өркендесін десек, әуелі ұлтты ұйымдастырудың құралы болып отырған қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек. Егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Қазақты қазақ ететін – тілі. Сондықтан тілді бірінші орынға қоюымыз керек. Өйткені қазақ тілі Қазақстаннан басқа жерде қолданылмайды, өзгеге керек те емес. Қазақ тілінің абыройы артуы үшін тілге ең алдымен қажеттілік керек, және қазақ тілін үйренуді дұрыс талап етуіміз керек. «Неге біз талап қоймаймыз? Мысалы, қызметке аларда орыс тілі мен шет тілін сұраймыз. Бірақ қазақ тілін емес. Тілдің қажеттілігі сұраныс болуы керек, талап ету керек. Содан кейін орта қалыптастыруымыз қажет. Тілді өмірдің барлық саласында қолдану керек. Сәкен Сейфуллин: «Тіл ауыз ішінде, оны шығаратын кез келді» деп айтып кеткен. Бұл таңдайда тұрған ет тілді айтып тұрған жоқ. Адамдар арасындағы қарым-қатынас тілін шығаратын кез келгенін әу баста ескерткен. Тіл десе күйініп кетемін. Қазақ тілі VII ғасырда алып арабқа да, XIII ғасырда тегеурінді моңғолға да, XIX-XX ғасырда ормандай орысқа да төтеп беріп, өзін сақтай білген. Қазақ тілі құрып кетеді деп қорықпаймын, соңғы қазақ өлгенше өмір сүреді. Бірақ қазақ тілі өз топырағында, өз елінде мемлекеттік тіл болғаннан кейін, мемлекеттік дәрежеде өз тұғырында қонуы керек. Мен үнемі айтамын: тас мұқалып құм болады, темір тозады, адам өмірден озады, ұлттың бүгінін ертеңіне сабақтастыратын көкейдегі сөз бенен таңдайдағы тіл ғана. Ана тілін білмеген қыз бала ана болып жарытпайды. Не деген философия?! Қазіргі қыздар бала тілі шыққаннан басқа тілді үйретіп әлек болады. Содан кейін тілді біліп қана қою аздық етеді. Оны түсіну керек. Түсіну де аз, қабылдауымыз керек. Қабылдау да аз орындауымыз керек. Сол кезде ғана толық адам боламыз, – дейді тіл жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылы Осман.

Басы 1-бетте

АНА ТІЛІ ДЕГЕН НЕ?

Тілді құрметтеудің әліппесі отбасынан бастау алуы қажет. Сонда ғана оның өресі биік, өрісі кең болмақ. Әр азамат қоғамда өз ана тілінде сөйлейтін болса туған тілге деген құрметі арта түспесе кемімейтіні анық. Жасыратыны жоқ, ел болашағы саналатын жастардың тіл үйренуге деген талпынысы көңіл қуантады. Шынымен, өзге тілде сөйлей білу өз өреңнің танымы қаншалықты екенін көрсетеді. Бұл туралы белгілі ғалым филология ғылымының кандидаты Аман Абасилов былай дейді:

– Ана тілі деген не? Ол қандай тіл? Адамның сөйлеп жүрген тілі сол адамның этносымен сәйкес келе ме, биологиялық тұрғыдан байланыса ма, әлде ол адамның әлеуметтенуі арқылы өзі таңдап алған тілі ме? Бұл – сұрағы көп күрделі мәселе. Егер менің ұлтым қазақ, әкем қазақ, шешем қазақ болса, менің де «ана тілім» қазақ тілі ғой. Дәл сондай ұлты орыс, әке-шешесі орыс адамның да «родной язык» дейтіні орыс тілі ме? Ал ол адамның әкесі қазақ, шешесі орыс болса, оның «ана тілі» не «родной язык» дегені қай тіл болады. Осыған ұқсас жағдай, керісінше, әкесі орыс, ал шешесі қазақ болса не болады? Осындай аралас некеден туған балалар ана тілін өздері таңдай ма, әлде ата-анасы таңдай ма? Енді тағы бір жағдайда ол өзінің қай ұлтқа не этносқа жататынын білмесе оның ана тілі қай тіл болады? Осы сұрақтарға жалпылама жауап берсек, адам өз ана тілін өзі таңдайды, сондықтан дүниеде ана тілін білмейтін адам болмайды. Сондықтан энциклопедиялық сөздікте ана тілі дегеніміз – ересектерден үйренген тіл (А.Ахматова) деп анықтама береді. Ал ана тілі деп таңдаған тілінен кейінгі өмірде қарым-қатынаста қолданатын басқа тілдері Т2,Т3,Т4 деп қолданылу жиілігімен санамаланып кете береді. Бұл жалпы адамилық тұрғыдан қарағанда дұрыс. Бірақ жеке ұлттық тұрғыдан қарастырсақ, ол сәл басқашалау болады. Мысалы, біз ана тіл деп әке қанымен, ана сүтімен бойымызға дарыған, ұлттың сан ғасырлық тәжірибесін бойына жинақтаған, сақтаған қазақ тілін атаймыз. Ана тілі – ата мұра. Оған дау жоқ. Бірақ сол қазақтың ішінде өз ұлтының тілін ана тілім деп санамайтын да адамдар бар. Ана тілім – қазақ тілі деп айтқанымен, сол тілде бір ауыз білмеймін, айта алмайтын қазақтар да бар. Олар үшін қазақ тілі Т2, тіпті Т3 болуы да мүмкін. Олар ана тілім деп өзге тілді, біздің жағдайымызда орыс тілін атауы да, атамауы да мүмкін. Олар ғылым тілінде айтсақ – маргиналдар, қазақша айтсақ – мәңгүрттер деп аталады. Олар аралықта қалып қойғандар, оларда ешқандай қасиет жоқ. Сондықтан біз үшін «ана тілі» деген қасиетті ұғым. Ана тілі дегеніміз – күллі тіл атаулыдан ішкі құрылыс ерекшелігімен дараланатын, белгілі бір халықпен нақты кеңістікте тарихта бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халық адамдарына түгелдей және жан-жақты қызмет ететін ұлтішілік қатынас құралы (Б.Хасанұлы). Осы тұрғыдан алсақ, басқа ұлттар өз тілдерін «родной язык», «сүт тілі», «этнос тілі» десе, біз ғана өз ұлтымыздың тілін «Ана тілі» деп атаймыз. Өйткені біздің ана тіліміз – қазақ тілі ғана ұлтты ұйымдастырып басын қосатын, оның дамуына, өркендеуіне қуат беретін бірден-бір құрал, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Мәделханұлы.

ТІЛ ҮЙРЕНУГЕ ТАЛПЫНЫС ЖОҒАРЫ

Халық ғасырлар бойғы асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа ана тілі арқылы табыстады. Тілді жетік білмей, мәдениетті меңгеру әсте мүмкін емес. Қазіргідей жаһандану заманында жаңартылған бағдарлама талабына орай көп тілді меңгеру уақыт талабы екені айтылуда. Төл тіліңмен

қатар өзге тілге де таяздық танытпау маңызды. Тіл бар жерде тәрбие де, дәстүр де болмақ. Қорқыттың қобызына, Дәулеткерейдің домбырасына үн қосқан тілдің тұғыры қашанда биік.

Қазіргі таңда өңірлерде тілдерді оқыту орталықтары жұмыс істейді. Ондағы мақсат қандай? Нәтиже бар ма? Бұл туралы облыстық тілдерді оқыту орталығы мамандарынан сұрап білдік.

– Қоғамдық даму басқармасы жанынан құрылған «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» мекемесінде қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстары ұйымдастырылуда. Курс ересектерге, яғни мемлекеттік қызметшілерге, ерікті қала тұрғындары мен кәсіпкерлерге, этнос жастарға жүргізіледі. 2021 жылы орталық тарапынан ұйымдастырылған «Қазақ тілді кәсіпкер» курсына қаламыздағы этнос өкілдерінің жас кәсіпкерлері қатысты. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының қызметкерлері тұрақты түрде тіл үйреніп келеді. Сонымен қатар «ҚазГерМұнай» мекемесінің қызметкерлері де мемлекеттік және ағылшын тілі курстарына қатысып жүргенін айта кету керек. №5547 әскери бөлімі, Қызылорда облыстық полиция департаменті және өрт сөндіру мекемесіндегі этнос өкілдері орталық арқылы ұйымдастырылатын «Мен қазақша сөйлеймін» акциясының тұрақты қатысушылары. Қазіргі таңда шекара қызметінің өзге этнос өкілдері А2 базалық деңгейі бойынша курстан өтіп жатыр. Көп тіл білгеннің пайдасы орасан. Елдің жарқын болашағы жан-жақты білімді ұрпақтың қолында. Осы орталыққа келіп, тіл үйренуге деген талпыныс жоғары, – дейді облыстық тілдерді оқыту орталығы директорының орынбасары Жанығүл Ерекешова.

P.S. Әр адам ана тілі арқылы халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тарихын танып өседі. Тіл қылдан нәзік, қылыштан өткір келеді. «Егер тілім ертең болса құрымақ, мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ! – деген ақын Расул Ғамзатов тіл мен ұлт тағдырына қатысты әсерлі ойды айқын жеткізеді. Тіл мен ұлт біте қайнасып жатыр. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – көкжиегіңді кеңейткің келсе, тіл үйрен, бірақ ана тіліңді бәрінен биік қой.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТӘРБИЕ

Кіндік шеше

Біздің әулетте Шолпан апаға ерекше құрмет көрсетіледі. Ол – әжемнің туған жеңгесі. Үйге келген сайын үлкендер жағы оған құрақ ұшып, аяғынан тік тұрып қызмет істейді. Өйткені ақ жаулықты кейуана отбасының барлық баласының кіндік шешесі

Әйелдің ай-күні жетіп, толғағы басталған уақытта ауылдағы ақ жаулықтылар сол рәсімге қатысуға ұмтылған. Бірақ кез келген адам оған лайық деп танылмаған. Қолынан іс келетін, көпке сыйлы, ұл-қыз өсіріп отырған ұлағатты әйел ғана баланың кіндік шешесі атанған. Себебі халқымыз кіндік кесуді абыройлы іс санаған. Ал үй үлкендері оған ырым бойынша кәде-сый жасап, алғыс білдірген. Осыдан-ақ бала өмірінде кіндік шешенің орны ерекше екенін аңғаруға болады. Шолпан апа бұл естеліктерін бізге жиі айтып отырады.

– Алғаш рет келінімнің босануына көмекші болдым. Өзім екі-үш балаға ана болғаннан кейін ғана сол топқа қосылдым. Қайнымның баласының кіндігін алғаш кестім. Оны үлкендер маған сеніп тапсырды. Өздері басында қасымда айтып отырды. Түрлі қиындық болды. Өйткені нағыз маманы емеспін ғой. Баланың кіндігін кесіп, оны жөргекке орау – үлкен жауапкершілік. Сондықтан бәріне жіті мән беру керек. Арнайы

оқымасам да уақыт өте бұл істің қыр-сырын меңгерген мықты маман болдым. Бүгінде біраз баланың кіндік шешесімін. Қай жерге барсам да олар алдымнан жүгіріп шығып, қолынан келгенше сый-құрмет көрсетіп, төрінен орын береді, – деді Шолпан апа.

Соңғы жылдары менің замандастарым кіндік шешенің кім екенін білгенімен оны танымайды. Қандай адам болғанынан да бейхабар. Өйткені біз перзентханада дүниеге келген ұрпақпыз. Онда мұндайдың барлығы дәрігердің қолынан өтеді.

Осыдан үш жыл бұрын сіңілім дүниеге қыз бала әкелді. Сонда перзентханада дәрігер баланың кіндігін менің анама, нағашы әжесіне кестірді. Немересінің кіндік шешесі атанған анамның қуанышында шек жоқ. Қазіргі кезде сол жиенімнің қылығы, жүрген жүрісі, сөйлеген сөзіне дейін анама ұқсайды. Осыдан кейін бұл ырымды қалайша жоққа шығарасың. Шын мәнінде әр бала кіндігін, тұсауын кескен, аузына түкірген адамға міндетті түрде ұқсайды деген рас-ау...

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді дана халық. Баланың кіндігі түскеннен кейін жасалатын ырымдар да жетерлік. Соның бірі оның кіндігін адам баспайтын жерге «жемістей көп болсын» деп жеміс ағашының түбіне көметін болған. Ал бүгінде «оқымысты болсын» деген мақсатпен кітаптың арасына, «өнерлі болсын» деп домбыраның ішіне сақтап қояды.

Түптеп келгенде адамның кіндігі туған жеріне байланғаны жөн. Халқымыз «кіндік қаны тамған жер» деген сөзді тегін айтпаса керек-ті.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ерте заманнан өркениеттің бесігі болған Сыр өңірінде қалалардың көп болғаны белгілі. Соның ішінде астана болған төрт қаланың қыр-сыры әлі де зерттелуде. Солардың бірі – Оғыздар мемлекетінің астанасы – Жанкент.

ЖАҚҰТ ЖАСЫРҒАН ЖАНКЕНТ

Бұл Сыр бойындағы тарихы терең қалалардың бірі. Қазалы аймағында орналасқан көне қорғанның өмір сүрген кезеңі VII-XIV ғасырлармен сабақтастырылады. Ғалымдар бұл қаланың пайда болуын «Бегім ана» аңызымен де байланыстырып жүр. Жанкент Жібек жолы бойындағы қалалар қатарына кіреді. Кезінде Еуропа мен Азия арасын байланыстырған бұл шаһар жүз жыл бойы оғыздардың астанасы болған. Аралдан шығатын ас тұзын Еуропа елдері мыңдаған жылдар бұрын Жанкент қаласынан алдыртып отырған көрінеді.

Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен 2014 жылдан бастап Қазалы ауданындағы Жанкент ауылының іргесінде орналасқан республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші Жанкент қалашығына археологиялық зерттеулер жүргізілуде. Қалашықта археологиялық қазба жұмыстарына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеевтің жетекшілік етуде.

Қазба жұмыстарының нәтижесімен әр түрлі кезеңдермен мерзімделетін тұрғын үйлердің орындары, маңызды құрылыс нысандары, қыш, құмыра күйдіретін

пештер, кесенелер табылды. Сондай-ақ бірқатар нысандар консервацияланды. Атап айтсақ, қыш құмыралар, сүйектен, қыштан дайындалған бұйымдар, тиындар, моншақтар, алтын жапсырмалар, керамикалық ыдыстар, глазурьленген қыш қаптамалар шықты. Жанкент қалашығында қазба жұмысымен қатар, консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылды. Туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік жасалды. Ескерткіш бүгінде төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Табылған жәдігерлер археологиялық зерттеулер зертханасында өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану мұражайына беріледі.

Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ басшысы Ерқазы Алданазаров, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Аржанцева, Германиядағы Тюбинген университетінің профессоры, археология ғылымдарының докторы Генрих Харке Жанкент қаласының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының тарихи әрі ғылыми маңызы туралы әңгімеледі.

– 2018-2019 жылдары және биыл қалашыққа Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы (Ресей федерациясы) этнология және антропология институты мен Тюбинген (Германия) университетінің әріптестігімен бірлескен үш жылдық жоба аясында (Германияның неміс гуманитарлық зерттеулер қорының қаржыландыруымен) археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Цитадельде, шахристандағы тұрғын үй орындары, геофизикалық зерттеулер, топырақ құрамын анықтау, аршылған нысандардың сызбасын сызу жұмыстары атқарылды. Облыс аумағындағы ортағасырлық Жанкент қаласының орнында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары биыл да жалғасын тапты. Зерттеушілер жаратылыстану ғылымдары әдістерін қолданып, Жанкенттің абсалюттік жасын анықтады. Осыған дейінгі деректерде көне

қаланың IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылса, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын көрсетті. Тарихи-мәдени ескерткіш төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеулер жүргізіліп жатыр. Қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер археологиялық зертханада өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне беріледі, – деді Әзілхан Тәжекеев.

Брифинг барысында Германиядағы Тюбинген университетінің профессоры, археология ғылымдарының докторы Генрих Харке Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында Орта Азияға қатысты тарихи-мәдени ескерткіштердің көп екенін атап өтті. Оның айтуынша, алдағы уақытта «Жетіасар мәдениеті», Қорқыт ата мұрасын зерттеуге мүмкіндік туса, қызығушылығы барын айтты. Ал Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Аржанцева қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер ішінде ежелгі жануардың, үй жануарының сүйектері бар екенін, сол жәдігерді тереңдете зерттеу арқылы басқа да ғылыми тұжырымға қол жеткізілетінін жеткізді.

Айта кету керек, зерттеу жұмыстарына Тюбинген университетінің, Ресейдің Жоғары Экономика мектебінің, Мәскеу мемлекеттік университетінің және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері мен 35 ғалым қатысуда. Жоба жетекшілері, шетелдік ғалымдар Жанкент қалашығының ғылыми-зерттеу нысаны ретінде әлеуеті зор екенін айтып, егер қаржылай қолдау болса, әрі қарай да зерттеуді жалғастыра бермек.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 Тапсырыс №1519

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ